

АЛТЫН КҮЗ

Мақсаты : Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл -күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген .Әдемі ән ойналып тұрады . Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

Жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз

Жасымызбен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр беріп

Армысыздар құрметті ата-аналар, ұстаздар және « Балапан» тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған, сары алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады . Ендеше « Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Алтын күз , жаңбырлы күз,

Жомарт күз, суығына шыдайтын,

Сұлулығына көз тоймайтын ,

Алтын күздің тойында.

Балалар хормен : Шаршауды білмейміз

Көңілді би билейміз

Әсем сазды ән салып

Би билеуге дайынбыз

Жүргізуші : Қызыл жасыл, сары алтындай

Жапырақтар күздің көркі

Ән салайық , би билейік

Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге

«Күз жомарт» әнін тыңданыздар.

Жүргізуші:

Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды

Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ

Жүргізуші : Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр , сендер бұл жұмбақтың шешуін тапсаңдар біздің көптен күткен қонағымыз келеді.
Ендеше сендер дайынсыңдар ма?

Әрине дайынбыз.

Жүргізуші: Көк майсалы көрікті
Алқап тола көп егін
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін . (Күз)

Жапқандай жапырағымен айналаны
Қуантып байлығымен халқымды
Бір қуантып қайту үшін біздерді
Сабырлы ,сары алтын күз келді.
Балалар хормен: Біз сізді күтудеміз алтын күз
Күз ханшайымы келеді .

Сәлеметсіңдерме балалар, сендер бүгін қандай әдемі болып кеткенсіңдер.

Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

Жүргізуші: Сәлеметсізбе күз ханшайымы келіңіз, төрлетіңіз біздің өнерлі балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.

Ал балалар өнерімізді көрсетуге дайынбыз ба ?

Күз ханшайымы : Рахмет балалар мен бүгін өзіммен бірге Қыркүйек, Қазан қызыммен Қараша ұлымды алып келдім.

Менің ұл қыздарым құр келген жоқ сендерге өздерінің әндерін дайындап келді. Қане балалар менің Қыркүйек , Қазан , Қарашамның әнін тыңдандар

Қыркүйек , Қазан , Қараша ән айтады.

Жүргізуші : Қандай тамаша ән балалар сендерге ұнады ма ?

Балалар : Ұнады керемет ән.

Жүргізуші:

Әсем өуен салдырған

Сәбилерде алғыр жан

Балдәуреннің ұл қызы

Клип түсірді жаңадан-деп « Балдәурен» тобының бүлдіршіндері Ерке Есмаханнның « Қайда» әнінен шағын клип түсірді. Сіздердің көңілдеріңізден шығып жатса , Астана қаласыны жол тартсақ деп отырмыз. Қарсы алыңыздар сіздердің алдарыңызда « Балапан» тобының бүлдіршіндері.

Ойын ата-аналармен «Көкөністер мен жемістерден» ойыншықтар жасау.

Жүргізуші : Ән салыңдар күлiңдер

Жайнап гүлдей жүрiңдер

Күздің тойын тойлайық

Би билейiк ойнайық-деп Ойын ойнату.

Коштасу: Келесі күзге дейiн аман болайық

Күз туралы сіздерге
Тақпақтарын бастайды – деп өлең шумақтарына кезек береміз

Күздің қазан айында
Алма, алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр, сыбдыр түседі

Күн суытып жапырақтар түседі
Астық жеміс жиылды
Қамбаға құйылды

Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді
Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Көбейді құт береке
Астық толы қамбамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз

Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап

Қуандырып бізді
Кел жемісті алтын күз
Өлкемізге күз келді

Кемелденсін халқымыз

Айдын: Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан, алуан, жапырап